

"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының міндетін атқарушысының 2017 жылғы 24 тамыздағы № 68 ке бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 5 мамырдағы № 18/ке бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 мамырда № 27975 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2026 жылғы 24 ақпандағы № 10/ке бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 24.02.2026 № 10/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының міндетін атқарушысының 2017 жылғы 24 тамыздағы № 68 ке бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15796 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қаржылық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету қызметінің Шекара қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Төрағасы

Е. Сагимбаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2022 жылғы 5 мамырдағы
№ 18/ке бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының міндетін
атқарушысының
2017 жылғы 24 тамыздағы
№ 68ке бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында (бұдан әрі – ҰҚО) тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азық-түлікпен қамтамасыз ету – әскери қызметшілерді және қызметтік жануарларды тамақтандырумен қамтамасыз етуге, ҰҚО-ны азық-түлікпен, жемшөппен, азық-түлік қызметінің техникасымен және мүлкімен уақтылы және толық қамтамасыз етуге, оларды сақтауды ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар кешені;

2) тәуліктік берілім (тәулікке беру) – бір тәулікте бір адамды тамақтандыруға арналған азық-түлік мөлшері;

3) ауыстырмалы запас – жаңа түсімге дейін азық-түлікпен үздіксіз қамтамасыз етуге арналған ағымдағы қамтамасыз ету азық-түлігі есебінен ҰҚО-ның азық-түлік қоймаларындағы азық-түлік қоры;

4) әскери қорлар – бөлімшелердің жауынгерлік іс-қимылдарын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды жұмылдыру кезеңінде, жол бойы және түсіру пункттерінде жоспарлы қамтамасыз етуге қойғанға дейін қамтамасыз етуге арналған ҰҚО қоймаларында қалыптастырылатын материалдық құралдардың қорлары;

5) ағымдағы үлес – ҰҚО-ны күн сайын қамтамасыз ету үшін берілетін азық-түлік;

- 6) азық-түлікке қор – жоспарланған кезеңге бөлінген азық-түлік мөлшері;
- 7) азық-түлік қызметінің техникасы – азық-түлікпен қамтамасыз етуге арналған азық-түлік қызметінің далалық техникалық құралдары, жабдықтары;
- 8) азық-түлік қызметінің мүлкі – азық-түлікпен қамтамасыз етуге арналған асханалық-асүйлік ыдыс және бұйым;
- 9) табиғи кему нормасы - жүктердің немесе тауарлардың белгілі бір физикалық-химиялық қасиеттері салдарынан сыртқы ортаның әсерінен болатын тасымалданатын жүктердің немесе қоймаға қойылатын тауар-материалды құндылықтардың массасы мен көлемінің жоғалуының шекті шамасы.

3. ҰҚО-да тамақтандыруды ұйымдастыруға жалпы басшылықты:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінде (бұдан әрі – Шекара қызметі) – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қаржылық, материалды-техникалық қамтамасыз ету қызметі Шекара қызметінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаменті;

- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Авиация қызметінде (бұдан әрі – Авиация қызметі) – Авиация қызметінің әскери және материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы;

- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясында (бұдан әрі – Шекара академиясы) – Шекара академиясының материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы.

- 4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери қарсы барлау және әскери полициясы органдарында (бұдан әрі – ҰҚК әскери қарсы барлау және әскери полициясы органдары) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қаржылық, материалды-техникалық қамтамасыз ету қызметінің Әскери-техникалық қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі – ҰҚК ӘТҚД) жүзеге асырады;

4. Тамақтандыруды ұйымдастыру іс-шаралар кешені қамтамасыз етуге бағытталған жеке құрамды стационарлық жағдайларда, дала жағдайында, шекара бөлімдерінде (бөлімшелерінде) шекаралық бақылау бөлімдерінде (бөлімшелерінде), су үсті катерлерде және кемелерде, әскери медициналық мекемелерде, қарауылдарда және әскери нарядтарда, жүру жолында, гауптвахтада, Авиация қызметінде, жеке тамақтану рационымен, заңды және жеке тұлғалармен тамақтандыру ұйымдастырылады.

5. ҰҚК әскери қарсы барлау және әскери полициясы органдарының жекелеген құрылымдық бөлімшелері тамақтанумен осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, олар орналасқан Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелері және бағынысты ұйымдары құралдары есебінен қамтамасыз етіледі.

ҰҚК әскери полициясының әскери қызметшілері ҰҚО басқа объектілерінде қызмет атқарған жағдайда, оларды тамақпен қамтамасыз ету ҰҚО қызмет ұйымдастырылған бөлімшелері (мекемелері) есебінен жүзеге асырылады.

6. Азық-түлікпен қамтамасыз ету нормасы және мемлекет есебінен қамтамасыз етілетін адамдардың санаттары "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілерін азық-түлікпен, азықпен, техникамен, жабдықпен және асханалық-ас үйлік ыдыспен жабдықтаудың бейбіт уақытқа арналған нормаларын бекіту туралы" (Нормативті-құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11435 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 22 мамырдағы №38/ҚБП бұйрығымен регламенттелген (бұдан әрі – Қамтамасыз ету нормасы).

2-тарау. ҰҚО-да тамақтандыруды ұйымдастыру үшін ақшалай қаражатты жоспарлау

7. ҰҚО-да тамақтандыруды ұйымдастыру үшін ақшалай қаражатты жоспарлау мынадай бағыттар бойынша:

1) әскери қызметшілердің тамақтануын қамтамасыз ету:

азық-түлік өнімдерін жеткізу;

мемлекеттік сатып алу арқылы тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

жеке тамақтандыру рационын сатып алу (бұдан әрі – ЖТР) жолымен;

2) азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін сатып алу үшін жүзеге асырылады.

ҰҚО әскери қызметшілерінің тамақтануын ұйымдастыру үшін ақшалай қаражатты жоспарлау кезіндегі бастапқы деректер:

3) жоспарлы кезеңнің басында азық-түліктің нақты болуы;

4) жоспарлы кезеңнің басында қанағаттанушылар жеке құрамының тізімдік саны;

5) Қамтамасыз ету нормалары;

6) жоспарланған кезеңде оларды жүргізу көзделетін ұйымдастыру іс-шаралары;

7) азық-түлік өнімдерінің және ЖТР құны болып табылады.

8. ҰҚО азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін сатып алу үшін ақшалай қаражатты жоспарлау үшін бастапқы деректер:

1) азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкінің нақты болуы, жоспарлы кезеңнің басында пайдалану мерзімдерін ескере отырып, олардың сапалық жай-күйі;

2) қолданыстағы штаттарға, табельдер мен қамтамасыз ету нормаларына сәйкес техникамен және мүлікпен қамтамасыз ету нормалары;

3) жүргізілетін ұйымдық іс-шараларды ескере отырып, бөлімшелерінің штат саны болып табылады.

Азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін сатып алу үшін ақшалай қаражатты жоспарлау нәтижелері бойынша алынған деректер Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бюджеттік өтініміне тиісті бөлім болып енгізіледі.

3-тарау. Әскери қызметшілерді стационарлық жағдайда тамақтандыруды ұйымдастыру

9. Әскери қызметшілерді тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін ҰҚО республикалық мемлекеттік мекемелерінің (бөлімшелерінің) штаттарында асханалар (сарбаздық, матростық, курсанттық, офицерлік) қарастырылады.

10. Офицерлік асхана болмаған кезде офицерлерді тамақтандыру жеке жабдықталған үй-жайларда (түстік қабылдау залдарында), сарбаздар (матростар) асханаларында жүзеге асырылады.

11. Аспазшылардың санын анықтау (штатты әзірлеу кезінде) келесі есеп бойынша жүргізіледі, 150 адамға дейін тамақтанатын асханада – 3 аспаз, 151-ден 200 адамға дейін – 4 аспаз, келесі әрбір 125 тамақтанушыға 1 аспаздан қосылады. Аспаз-нұсқаушы тамақтанушылардың саны 500 адамнан асқан кезде және аспаздардың есептік саны есептелмейді, ал тағамды дайындау технологиясы бойынша шебер – тамақтанушылардың саны 1000 адамнан асқан кезде болады және аспаздардың есептік саны есептелмейді.

12. Курсанттық және ұшқыш-техникалық асханаларда мынадай есептегі даяшылар: курсанттық асханада – 50 адамға 1 даяшы, ал ұшқыш-техникалық асханада – тамақтанатын 40 адамға 1 даяшы болады.

13. Әскери қызметшілерді тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде аспаздық құрамның штаттық лауазымдары жасақталуының 70%-дан төмендетілмейді.

14. Әскери қызметшілерін заңды және жеке тұлғалардың қатыстыруымен тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде бейбіт уақыттағы штат бойынша аспаздық құрам лауазымдарының 70%-ы бос болады.

15. ҰҚО республикалық мемлекеттік мекемелерінің (бөлімшелерінің) асханасында азық-түліктерді өңдеу, тағамды дайындау және оны тарату "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26866 болып тіркелген) сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық талаптарын (бұдан әрі – Санитариялық қағидалары) сақтай отырып жүргізіледі.

16. Асханада жұмыс істеуге (нан пісіру құралдарында), жұмысқа қабылданған кезде "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" (Нормативті-құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ -131/2020 бұйрығына сәйкес алдын ала және мерзімдік медициналық тексеруден өткен аспазшылар мен наубайшылар жұмыс істейді.

17. Азық-түлік қызметінің объектілерінде тұрақты жұмыс істейтін адамдар " Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілерін заттай мүлікпен жабдықтаудың бейбіт уақытқа арналған нормаларын бекіту туралы" (Нормативті-құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11438 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 22 мамырындағы № 37/ҚБП бұйрығына сәйкес арнайы киіммен (бұдан әрі – Арнайы киім) қамтамасыз етіледі және жұмысқа алдын ала медициналық тексеруден, гигиеналық дайындықтан және аттестаттаудан өткеннен кейін кіріседі.

18. Асханада жұмыс істеу үшін тәуліктік наряд құрамына тағайындалған адамдарды кезекшілікке түсер алдында (камбуздағы вахтаға) кезекші дәрігер (фельдшер) медициналық тексеруден өткізеді.

19. ҰҚО республикалық мемлекеттік мекемесінің штатында лауазымдардың болмауы (жасақтау мүмкіндігі болмаған) жағдайда үй-жайларды тазалау, қоймадан асханаға азық-түліктерді жеткізу, жаңа піскен картоп пен көкөністерді тазалау, түстену үстелдерін әзірлеу, асхана және ас-үйлік ыдыстарды жуу, басқа да қосалқы жұмыстарға әскери қызметшілердің (жұмысшылардың) қатарынан тәуліктік наряд тағайындалады.

20. Жұмыстарды орындау үшін асханаға тәуліктік наряд (ас-үйлік жұмысшылары) мынадай есеппен тағайындалады:

тамақтанатын 50 адамға дейін - 2 адам;

тамақтанатын 50-ден 100 адамға дейін - 4 адам;

әрбір кейінгі тамақтанатын 50 адамға – қосымша 1 адамнан бөлінеді.

21. Нан кесуге, қантты бөлшектеуге және оларды жеке құрамға тарату үшін асханада тамақтанушы адам саны есебінен: 500 адамға дейін – 1, 500-ден 1000-ға дейін– 2, 1000-нан жоғары – 3 нан кескіш бөлінеді.

22. Асханаға тәуліктік нарядқа тағайындалған адамдар ет пен балықты өңдеуге, тамақты дайындауға және таратуға, сиыр майын, ірімшікті үлеске бөлуге, компотты, сиыр сүтін, жеміс және жидек шырынын құюға, пісірілген картопты және көкөністі тазалауға және кесуге, сондай-ақ тамақ пісіретін қазандарды (плиталық қазандардан басқа) жууға тартуға қатыспайды.

23. Тәуліктік нарядтың жұмысына басшылық жасау, асханада тәртіптің сақталуын, қоймадан азық-түліктің дұрыс алынуын, олардың қазандарға толық салынуын және белгіленген Қаматамасыз ету нормалары бойынша тамақты уақтылы берілуін қадағалауды ұйымдастыру үшін асхана бойынша кезекші тағайындалады.

24. Асхана бойынша кезекші қызметін өткеруге жіберілген адамдардың тізімі жоспарланған жылда (айда) ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен бекітіледі.

25. Асхана бастығы, аспазшылар және азық-түлік қойма бастығы тәуліктік нарядтарға қатыспайды.

26. Асхана бойынша тәуліктік нарядқа түскен адамдарды жұмыстарға бөлуді асхана бойынша кезекшімен бірге асхана бастығы жүзеге асырады. Жұмысқа кірісер алдында асхана бастығы нарядқа түстік үстелді жабдықтау, ыдысты жинап, оларды жуу, картоп пен көкөністерді тазалау, үй-жайды жинау, жеке гигиенаны сақтау тәртібін көрсетіп, нұсқама жүргізіп, нарядты Арнайы киіммен қамтамасыз етеді.

27. Асхана бойынша тәуліктік нарядқа нұсқама жүргізу үшін жеке бөлме жабдыкталады, ал тамақтанатын адамдардың саны аз асханаларда бұл мақсаттарға жеке орын бөлінеді. Бөлме (орын) тиісті стендтермен, көрнекті құралдармен жабдыкталады.

28. Асхана бойынша тәуліктік наряд оларға қойылған тапсырмалар негізінде есептоптарға бөлінеді.

Тәуліктік наряд құрамынан адамдарды бөлу жұмыс көлемін ескере отырып жүзеге асырылады.

29. Асханада қажетті технологиялық құралдар болмаған кезде (сыну, су немесе электроэнергияның жоқтығына байланысты) ҰҚО республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының шешімімен картоп пен көкөністерді тазалау үшін жеке наряд тағайындалады.

30. Түстік залды жинау және үстелдерді жабдықтауға 10 үстелге бір әскери қызметші (жұмысшы) бөлінеді.

31. Барлық есептоптар үшін таңбаланған қажетті жинастыру құралдары анықталады.

32. Асхана бойынша тәуліктік наряд құрамының адамдары Арнайы киім киеді.

33. Асхана бойынша тәуліктік наряд құрамындағы адамдар орындауы тиіс:

1) жұмысқа кірісер алдында сыртқы киімін шкафқа ілу, щетка мен сабынды қолдана отырып, қолдарын ыстық сумен мұқият жуу;

2) асханада таза Арнайы киіммен жұмыс істеу;

3) әр технологиялық операциядан кейін қолдарын ыстық сумен жуу, асханадан шығарда немесе дәретханаға барарда Арнайы киімді шешу, асханаға қайтып келгенде қолдарын щетка мен сабынды қолдана отырып ыстық сумен мұқият жуу, бұдан кейін Арнайы киімін кию.

34. Асхана бойынша кезекшісінің құжаттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 маусымдағы № 364 бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ішкі қызмет жарғысына (бұдан әрі – Ішкі қызмет жарғысы) сәйкес рәсімделеді.

35. Жұмыс барысында асхана бойынша кезекші тәуліктік наряд құрамындағы адамдардың өз жұмыс орындарын тазалықта ұстауын, Санитарлық қағидаларды қатаң сақтауын қадағалайды, сондай-ақ өзінің іс-әрекетін Ішкі қызмет жарғысының 474-тармағына сәйкес жүзеге асырады.

36. Асхана бойынша кезекші нарядқа түскенде асхана бойынша тәуліктік наряд ведомоста (журналда) кезекшілікті қабылдау, тізім бойынша құжаттардың, ас-үй құралдары мен ыдыс-аяқтардың бар-жоғы, технологиялық құралдардың жұмыс істеп тұруы, түстік залының, өндірістік цех пен қосалқы орын-жайлардың санитарлық жай-күйі, ыдыс-аяқтардың жуылу сапасы мен анықталған кемшіліктер туралы жазба жазады.

37. Тәуліктік нарядтың қызмет атқаруын және олардың асхана орын-жайларында тәртіпті сақтауын тексеру нәтижелері туралы тексеруші адамдар (бөлімше командирі) ведомостта (журналда) жазба жазады.

38. Асхана бойынша кезекші нарядқа түскенде тізімдеме бойынша асхана мүлкін жауапты сақтауға алады. Мүліктердің жетіспеушілігі немесе бүлінуі анықталған жағдайда қызметтік тексеру жүргізіледі.

39. ҰҚО республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы азық-түлік қызметінің объектілерінде:

1) аспаздармен, асхана жұмысшыларымен және тәуліктік нарядпен санитарлық ережелерді орындауын;

2) медициналық қызметкерлерімен бақылаудың объективті әдістемесін, гигиеналық дайындық, аспазшылармен (наубайшылармен) Санитарлық

ережелерді орындау және жеке гигиена қағидаларын сақтау бойынша сабақ өткізуін;

3) Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрімен 2016 жылғы 6 маусымда бекітілген № 239 "Өндірістік бақылауды жүргізудегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" Санитарлық ережелерін бекіту туралы" (Нормативті-құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 13896 тіркелген) бұйрығына сәйкес азық-түлікті алу, тасымалдау, сақтау және беру, тағамды дайындау және дайын тағамды тарату кезінде (оның ішінде зертханалық тексерулер мен сынақтарды өткізу жолымен) қарсы (профилактикалық) іс-шаралардың өткізілуіне, санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуына өндірістік бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

40. Азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша жауапты лауазымды адам өз іс-әрекетін Ішкі қызмет жарғысына сәйкес, сондай-ақ:

1) әскери қызметшілердің тамақтануын ұйымдастыруда ұсынылатын азық-түлік қызметінің объектілерінде санитарлық ережелері талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

2) азық-түлік қызметі мамандарының жұмысқа орналасу кезінде міндетті түрде алдын ала және мерзімдік медициналық тексеруден (тексерілуден) уақтылы өтуін ұйымдастырады;

3) азық-түлік қызметі мамандарының санитарлық-гигиеналық дайындығы мен аттестаттаудан өтуін ұйымдастырады.

41. Азық-түлік қызметінің объектілерінде тұрақты жұмыс істейтін адамдар:

1) азық өнімдерінің жеткізілуіне, қабылдануына, сақталуына және берілуіне, өнімдердің аспаздық өңделуіне, дайындалуына, дайын тағамның сақталуына және әскери қызметшілерге берілуіне, азық-түлік қызметі объектілерін ұстауға және пайдалануға қойылатын Санитарлық қағидаларды қатаң сақтайды;

2) жеке гигиенаны сақтайды.

42. Асханаға қажетті өндірістік, қосалқы, тұрмыстық және техникалық ұй-жайлармен, тамақтанатын залмен, инженерлік коммуникациялармен, тамақ дайындайтын технологиялық процесін және оны Санитарлық қағидаларға сәйкес әскери қызметшілердің тағам қабылдауын қамтамасыз ететін жабдықтармен және мүлікпен жабдықталады.

43. Асханадағы (камбуздағы) және қоймадағы әрбір техникалар, мүліктер және жабдықтың бірлігі ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме бастығының бұйрығымен нақты лауазымды адамдарға бекітіледі, олар жұмыс істеу кезінде пайдалану, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен техникалық қауіпсіздік қағидаларын сақтауы, ағымдағы жөндеулердің уақтылы өткізілуін қадағалауы және оны ұстау бойынша талаптар мен Санитарлық қағидаларды орындап, пайдалану нұсқамасы бойынша қолданады.

44. ҰҚО республикалық мемлекеттік мекемесінің (бөлімшесінің) асханаларында тамақ азық-түлік ас-мәзірі бойынша дайындалады.

Қамтамасыз ету нормалары бойынша ыстық тағам тәулігіне үш рет дайындалады және беріледі (таңертеңгі ас, түскі ас, кешкі ас). Тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде қосымша азық-түлік алатын әскери қызметшілер үшін төрт реттік тамақтану ұйымдастырылады.

Үш реттік тамақтандыру кезінде негізгі үлес нормасы энергетикалық құндылықтар (жұғымдылық) бойынша бөлінеді: таңғы ас – 30-35 пайыз, түскі ас – 40-45 пайыз, кешкі ас – 20-30 пайыз. Ыстық климат жағдайында (жазғы уақытта) түскі астың жұғымдылығы мен көлемін жалпы тәуліктік жұғымдылығынан 10-15 пайызға азайту, тиісінше таңғы ас пен кешкі астың жұғымдылығы мен көлемін арттыру ұсынылады.

ҰҚО республикалық мемлекеттік мекемесінің (бөлімшесінің) күн тәртібі мен қызметті өткеруіне қарай энергетикалық құндылықтар (жұғымдылық) бойынша бөлуді Республикалық мемлекеттік мекеменің басшысы ғана өзгертеді.

Әскери қызметшілердің тамақтану сағаттары мен кезектілігін ҰҚО республикалық мемлекеттік мекемесінің (бөлімшесінің) басшысы белгілейді.

45. Азық-түліктің тарату мәзірі азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша лауазымды тұлғамен және медициналық қамтамасыз ету бойынша лауазымды тұлғамен, асхана бастығымен және нұсқаушы-аспазшымен (аға аспазшымен) бірлесіп құрылады.

Емдік үлес және диеталық тамақтану бойынша азық-түліктің тарату мәзірі Мемлекеттік мекеменің медициналық қамтамасыз ету бойынша лауазымды адам, азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамның және нұсқаушы-аспазшының (аға аспазшының) қатысуымен жасайды.

Азық-түліктің тарату мәзірін материалдық қамтамасыз ету бойынша бөлімі (бөлімше), материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша бөлімі (бөлімше) басқарма бастығы азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша лауазымды адам, медициналық қамтамасыз ету бойынша лауазымды адам қол қояды және ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме басшысы бекітеді.

46. Азық-түліктің тарату мәзіріне өзгерістер тек ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімшесінің) басшысының рұқсатымен енгізіледі. Азық-түліктің тарату мәзіріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімшесінің) басшысының қолымен расталады.

47. Азық-түліктің тарату мәзірі Қамтамасыз ету нормаларына сәйкес әр азық-түлік үлесінің нормасы бойынша бөлек үш данада жасалады және бір апта бойы қолданылады.

Бірінші данасы қаржы бөлімшесіне беріледі және азық-түлікті қоймадан асханаға (камбузға) беруге бастапқы есептік құжатты ("Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін уақытша атқарушының 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығымен белгіленген нысан бойынша азық-түлікті беру тізім-талабы, запастарды ішкі көшірілімдеу жүк құжаты) (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7126 болып тіркелген) (бұдан әрі – Бастапқы есеп құжаттары) ресімдеу үшін негіз болып табылады, ал екі данасы асханаға беріледі. Олардың бірі түстік залда (асхана вестибюлінде) тамақтанушылар танысу үшін ілінеді, екіншісі тамақ әзірлегенде басшылыққа алу үшін нұсқаушы-аспазшыда (аға аспазшыда, нұсқаушы-аспазда) болады.

48. Жеке орналасқан бөлімшелер үшін азық-түліктердің тарату мәзірі бір данада және осы бөлімшелердің саны бойынша қосымша көшірмелерде жасалады және бір ай бойы қолданылады.

Мерзімінен бұрын жеткізілетін тәртіпте қамтамасыз етілетін бөлімшелер үшін азық-түліктің ас мәзірін қолданылуы үш айға дейінгі аралыққа ұзартылады.

49. Азық-түліктердің тарату мәзірінде қарастырылған жеке орналасқан бөлімшелердің қоймасында азық-түлік болмаған жағдайда, бөлімше бастығының шешімі бойынша азық-түлік тарату мәзіріне Қамтамасыз ету нормасына тиіс өзгерістер енгізіледі.

Азық-түлік тарату мәзірінде қарастырылған азық-түлік болмаған жағдайда, осыған орай жасалған алмастырулар бойынша бөлімше бастығы материалдық қамтамасыз ету бойынша бөлімі (бөлімше), материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша бөлімі (бөлімше) бастығына және азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамға хабарлайды.

50. Корабль экипаждарының құрамына кіретін әскери қызметшілердің тамақтануын ұйымдастыру үшін азық-түлік тарату мәзірі ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеменің (бөлімшесінің) азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамы бір данада және корабль саны бойынша көшірмелері жасап, ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімшесінің) бастығы бекітеді және бір ай бойы қолданылады.

51. Азық-түліктің тарату мәзірін жасау кезінде, оқу процесінің еркшеліктері, асхананың аспаздық құраммен жасақталуы және оның біліктілігі, белгіленген тамақтану режимі, азық-түліктердің түр-түрінің болуы, асханада технологиялық, тоңазытатын және механикалық емес жабдықтардың болуы мен оның жағдайы, әскери қызметшілердің тілектері ескеріледі.

52. Тамақтың әралуандығын, Санитарлық қағидалар талабын сақтау, азық-түлік қорларын жаңарту, азық-түлік қоймасындағы азық-түліктің түр-түрінің болуы мақсатында, өндірістік үй-жайлардың, жабдықтардың

болуынан және оның жай-күйіне сүйене отырып, стационарлық жағдайда тамақтандыруды ұйымдастыру ерекшеліктерін ескере отырып, тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде бір азық-түлікті басқаларымен ауыстырудың нормалары қолданылады.

53. Еттің, балықтың, сиыр майының, өсімдік майының және қанттың тәуліктік нормасы Қамтамасыз ету нормалары бойынша тамақтанушыларға күнделікті жеткізілуі тиіс.

54. Азық-түлік қоймасынан азық-түліктер тамақ дайындау үшін асханаға азық-түлік таратылымының және қазандық үлестегі жеке құрамның тамақтанушылардың қозғалысын есепке алу кітабының деректері негізінде қаржы бөлімшесімен екі данада берген бастапқы есептік құжат бойынша әрбір тамақ қабылдауға асхана бойынша кезекшінің қатысуымен нұсқаушы-аспазшының (аға аспазшы, аға кок) қол қоюы арқылы беріледі. ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме бастығының бұйрығына сәйкес тағам қабылдау бойынша тамақтанатындардың санын күн сайын кадр бөлімшесінің лауазымды тұлғаларымен бастапқы есептік құжаттар берер алдында қаржы бөлімшесіне жеткізеді және тамақтанушылар қозғалысын есепке алу кітабына ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме бастығының немесе оның орынбасарының (көмекшісінің) қолымен расталады.

55. ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімшесінің) бастығы қаржы бөлімшесіне тамақтанушылардың саны жөнінде мәліметті беру уақыты (есеп уақыты) белгілейді.

56. Қоймадан азық-түлікті асханаға беру құжатының екінші данасы бақылау үшін нұсқаушы-аспазшыда (аға аспазшыда, аға кокта) қалады және келесі күні бірінші данасымен салыстыру үшін қаржы бөлімшесіне тапсырылады.

57. Қоймадан асханаға азық-түлікті беру әрбір ас қабылдау бойынша жүргізіледі. Тоңазтқыш құрылғылары және азық-түлікті сақтауды ұйымдастыру бөлмелері жеткілікті болған кезде ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімшесінің) бастығының рұқсатымен азық-түлікті қоймадан асханаға тәулігіне бір рет беріледі.

58. Қоймадан асханаға берілетін азық-түліктер осы мақсаттар үшін арнайы дайындалған таза жабық ыдыспен жіберіледі.

59. Асханада осындай ыдыстың екі жинағы болуы, оның біреуі қоймада, басқасы асханада сақтауда қамтылады.

60. Ыдыс жинағы қақпағы бар жәшіктен, алюминий немесе тот баспайтын болаттан, ет пен балыққа арналған зембілден тұрады. Картоп пен көкөністер контейнер-зембілдерінде жеткізіледі. Ыдыс жинағы оның қолданылуына сәйкес таңбаланады.

Асханаға жеткізілген және азық-түліктен босатқаннан кейін ыдыс жинағы жуылады, жидітіледі және кептіріледі.

61. Ұзақ аспаздық өңдеуді талап ететін (тұздалған, тоңазытылған балық, тоңазытылған ет) азық-түліктер оларды сулау немесе жібіту үшін қажет уақытты есепке ала отырып беріледі.

62. Жеке орналасқан бөлімшелердегі азық-түліктер асханаға бөлімше бойынша кезекшінің қатысуымен аспазшыға беріледі.

63. Демалыс, мереке күндері, азық-түлік алу күндері асханада азық-түліктерді сақтау мүмкіндігі болған кезде ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімшесінің) бастығының шешімі бойынша асханаға азық-түліктерді беру тәртібі өзгертіледі.

64. Әр асханада әрбір жеке негізгі азық-түлік нормалары бойынша Қамтамасыз ету нормасына сәйкес, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағамның дайындалу сапасын бақылау кітабы жүргізіледі (бұдан әрі – Бақылау кітабы).

65. Азық-түліктерді қазанға салуды аспазшы асхана бойынша кезекшінің және басқа да лауазымды адамдардың қатысуымен Ішкі қызмет жарғысының талаптарына сәйкес жүргізеді.

66. Дайын тағамды таратар алдында, оның сапасын лауазымды адамдар Ішкі қызмет жарғысының талаптарына сәйкес тексереді.

67. Тағамды байқап көруге оны қарап тексеру және ет (балық), суық дәмтатымдардың, бірінші, екінші және үшінші тағамдардың дәмдік сапасын, мөлшері мен салмағын анықтау жатады.

Дайын түрде қолданылатын қант, сиыр майы және басқа азық-түліктер байқап көруге жатпайды.

Тағамды байқап көру нәтижесі мен әр тағамға баға бере отырып, Бақылау кітабына жазылады. Азық-түлік таратылымында көрсетілген есеп деректеріне қатысты әскери қызметшілерге берілген тағам мен өлшемнің салмағы, шамасы сәйкес болмаған кезде, тиіс болмау себептері айқындалып, әскери қызметшілерге Қамтамасыз ету нормаларына сәйкес тиісті үлес нормасын жеткізу бойынша шаралар қолданылады.

68. Әскери қызметшілерді асханаларда тамақтандыру:

1) үстелдерді әзірлеу;

2) аспаздардың дайын тағамды берулері арқылы өзіне-өзі қызмет көрсету желілерін пайдалану әдісімен ұйымдастырылады.

Дайын тағам үстелдерге немесе тарату желісінде таратуға әскери қызметшілер асханаға 10-15 минут келер алдында дайындалады.

69. Асхана бастығы және асхана бойынша кезекшінің басшылығымен тәуліктік нарядтың адамдары түскі астық залды тамақ ішуге дайындайды. Жеке

құрамның қабылдау сәтіндегі дайын тағамның температурасы мынадай болуы тиіс: бірінші тағам және шай (кофе) - +75 °С төмен емес; екінші тағамдарға - +65 °С төмен емес; нәрсу, шырын, сиыр сүті - +14 °С жоғары емес. Дайын бірінші және екінші тағамдар дайын болған кезден мармитте немесе жылы плитада екі сағаттан артық емес тұрады.

70. Тамақты таратуды қолдануымен тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде түстену үстелдері бөлімшелерге бекітілмейді, ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме бастығының бұйрығымен бөлімшелермен тамақ қабылдау кестесі бекітіледі, ол асхана залында (вестибюлінде) ілінеді. Әр әскери қызметшіге тамақты тарату жеке жүзеге асырылады.

71. Үстелдерді әзірлеу әдісімен тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде әрбір бөлімшеге тамақ ішетін үстелдер бекітіледі. Әрбір түстенетін үстелге бөлімше бастығы жауапты адамды бекітеді.

72. Бөлімшелер бойынша кезекшілер (бос ауысымның кезекшісімен бірігіп) тамақ қабылдағанға дейін 15 - 20 минут бұрын әзірленген үстелдерді қабылдау және жеке құрамды қарсы алуға асханаға барады.

73. ҰҚО республикалық мемлекеттік мекемесі (бөлімшесінің) бойынша кезекшінің рұқсатымен кезекші ауысымының жеке құрамы асхана бойынша кезекшіден әзірленген үстелдерді қабылдайды.

74. Дайын үлестер санының жабдықтылымда тұрған әскери қызметшілердің санына сәйкестігін тексеріп, дайындалған үстелдерді қабылдағаннан кейін бос ауысымның тәуліктік кезекшілері тағам қабылдайды және бөлімшеде қалған тәуліктік кезекшіні ауыстыру үшін кетеді, ал бөлімше бойынша кезекші өз бөлімшесін асхананың алдында күтіп алады.

75. Шақырылым бойынша және сарбаздардың, сержанттар мен старшиналардың лауазымдарындағы келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жатқан әскери қызметшілер әрбір ас қабылдар алдында бөлімшелерде қолдарын жуады және қарамағындағы әскери қызметшілердің тамақ ішуін бақылайтын, одан әрі асханада болып, ас қабылдау тәртібін қадағалайтын (бөлімше бойынша кезекші сияқты) бөлімше бастығы немесе бөлімшенің лауазымдық тұлғасы (бұдан әрі – бөлімше бастығы) басқаруымен бөлімше құрамында саппен таза киім мен аяқ киімде асханаға келеді. Азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданған әскери қызметшілердің асханаға уақтылы келуіне бөлімше бастығы жауап береді.

76. Бөлімшелер асханаға келген соң, ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме бойынша кезекшінің рұқсатымен бөлімшеге асханаға кіруге команда береді.

Бөлімше бастығының бұйрығы бойынша әскери қызметшілер үстелге отырады, таратушылар оларға біркелкі таратуға, әскери қызметшілер - тамақтануға кіріседі.

Үстел бойынша жетекші әр үстелдегі тамақтанушыға дайын тағам мен азық-түліктің бірдей берілуіне, тамақ қабылдау кезінде әскери қызметшілердің тәртібіне, тамақ қабылдау мәдениетіне, сондай-ақ тамақ қабылдағаннан кейін асхана ыдысын тапсыруына бақылауды жүзеге асырады.

77. Асхана бойынша тәуліктік наряд құрамының адамдары тағамды ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімшесінің) бастығы белгілейтін уақытта қабылдайды.

78. Әртүрлі тапсырмаларды орындайтын және осыған байланысты таңғы аста, түскі аста немесе кешкі аста болмаған әскери қызметшілер үшін тиісті тағам шығыны қалдырылады. Бөлімше старшиналары әскери қызметшінің асханаға келу уақытын көрсете отырып, тамақты қалдыруға қатысты өтінімдерді бөлімше бойынша кезекші арқылы асхана бойынша кезекшіге береді.

79. Кезекші дәрігердің рұқсатымен және тамақтың дайындалу сапасына бақылау бойынша кітапта міндетті түрде белгі қойылып, жалпы таратылу алдында болмаған әскери қызметшілерге тағам алынып қалынады, салқындатылады және жеке жабық ыдыста 6 сағаттан аспайтын уақыт бойы $+ 4^{\circ} \text{C} + 2^{\circ} \text{C}$ температурада тоңазытқыш шкафта сақталады. Ет және балық порциялары гарнирден бөлек ұсталады. Іске асырылудың алдында салқындатылған тағамды, тамақтың дайындалу сапасына бақылау бойынша кітапта белгі қоя отырып, дәрігер (фельдшер) тексереді, содан кейін қайталап дәмін көріп, жылытылады. Екінші рет жылытқаннан кейін тағамды ішу мерзімі 1 сағаттан аспауға тиісті. Тағам қайталанып жылытылғаннан кейін одан әрі сақтауға рұқсат етілмейді.

80. Тағамның белгіленген сақталу мерзімдері аяқталғанға дейін асханаға келу мүмкіндігі болмайтын жеке құрам үшін азық-түліктер қазанға салынбайды. Мұндай жағдайларда ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімшесі) бойынша кезекшінің нұсқауы бойынша болмаған әскери қызметшілерге, олардың асханаға келу уақытына қарай тағам жеке дайындалады.

81. Асханада тамақ әзірлеудің сапасын жақсарту, аспаздық құрамның біліктілігін арттыру мақсатында айына кемінде бір рет бақылау-көрсеткіштік тамақ пісіру ұйымдастырылады (шекара бөлімшелерінің асханасында – тоқсан сайын).

82. Бақылау-көрсеткіштік тамақ пісіруді нұсқаушы–аспазшыны (нұсқаушы-коктың), сондай-ақ едәуір білікті аспазшыларын қатыстыра отырып, азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша жауапты лауазымды тұлғаларымен өткізеді.

83. Бақылау-көрсеткіштік тамақ пісіруді өткізер алдында, дайындық кезеңінде осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес бақылау-көрсеткіштік тамақ пісіру кезінде жүргізілетін технологиялық операцияларды және нақты тағамды дайындауға жауапты аспазшыларды көрсете отырып бақылау-көрсеткіштік тамақ пісіру кестесін жасайды.

84. Бақылау-көрсеткіштік тамақ пісіру нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес акт жасалады.

85. Актіде асхананың жұмысындағы оң және жағымсыз сәттер аталып өтеді, әрбір аспазшының жұмысына баға беріледі, сондай-ақ асхана жұмысын одан әрі жақсарту жөнінде жалпы қорытындылар мен ұсыныстар жасалады. Актіге бақылау-көрсеткіштік тамақ пісіруді жүргізген адам қол қояды және ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімшесінің) бастығымен бекітіледі.

4-тарау. Заңды және жеке тұлғаларды қатыстырып, әскери қызметшілерді тамақтандыруды ұйымдастыру

86. Қажет жағдайда әскери қызметшілердің тамақтандыру заңды және жеке тұлғалардың қатысумен ұйымдастырылады.

87. Заңды және жеке тұлғаларды қатыстырумен тамақтандыруды ұйымдастыру жағдайда ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме бастықтарымен, заңды және жеке тұлғалармен тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуге мемлекеттік сатып алу шартын жасайды (бұдан әрі – мемлекеттік сатып алу туралы шарты).

88. ҰҚО асханаларында немесе қызмет көрсету бойынша жеткізушіге (жеткізушімен) тиесілі (жалға алған) қоғамдық тамақтану мекемелерінде көрсетіледі.

ҰҚО асханалар болмаған жағдайда, қызметтер Санитарлық ережелерге сәйкес, әскери қызметшілерді тамақтандыруды ұйымдастыруға жабдықталған бөлмелерде көрсетіледі.

89. Заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен әскери қызметшілерді тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеменің лауазымды тұлғаларымен келесі іс-шаралар жүзеге асырады:

1) қызметті жеткізушімен бірлесіп апта сайын әрбір норма бойынша бөлек үш данада азық-түліктердің ас-мәзірі дайындалады. Азық-түліктердің ас-мәзірінің бірінші данасы азық-түлік бөлімінде сақталады, екіншісі – тамақтанушылар танысып қарау үшін асхананың түстену залында (вестибюлінде) ілінеді, үшіншісі – қызметті жеткізушіге жолданады. Бекітілген ас-мәзіріне өзгертулер ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімшесінің) бастығының жазбаша рұқсаты негізінде енгізіледі;

2) әскери қызметшілерді тамақтануға уақтылы, оның ішінде демалыс және мерекелік күндерде жеке ас қабылдауға қосу (тамақтанудан алып тастау) қамтамасыз етіледі;

3) келесі күнге ас қабылдау бойынша бөлінген асханада тамақтанушылардың саны туралы, ал аптаның соңғы жұмыс күнінде – демалыс (мерекелік) күндерге асханада тамақтанушылар туралы мәліметтер қызметтерді жеткізушіге күнделікті (16.00-дан кешіктірмей) жолданады. Демалыс (мерекелік) күндері әскери қызметшілер келген (кеткен) жағдайда асханада тамақтанушылар саны туралы мәліметтер нақтыланады. Нақтыланған мәліметтер қызметтерді жеткізушіге ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімшесінің) бойынша кезекшінің қолымен тамақтанушылар саны өзгерген ас қабылдауға дейін 4 сағаттан кешіктірмей жолданады;

4) тамақтанушылардың асханаға күн тәртібімен (қызмет атқару регламентімен) белгіленген уақытқа уақтылы келуі және олардың ас қабылдау кезінде тәртіпті сақтауы қамтамасыз етіледі;

5) қызмет жеткізушілердің мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауы бойынша күнделікті бақылау жүзеге асырылады.

Заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен әскери қызметшілерді тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде ҰҚК ӘТҚД лауазымды тұлғаларымен келесі іс-шаралар жүзеге асырады:

6) апта сайынғы азық-түлік ас-мәзірі айына бір мәрте екі данада дайындалып, бір данасы қаржы бөліміне төлем жүргізуге, екінші данасы қызмет көрсететін жеткізушіге ас әзірлеуде басшылыққа алуға жолданады. Бекітілген азық-түліктің таратылымына өзгерістер ҰҚК ӘТҚД бастығының жазбаша рұқсатымен енгізіледі;

7) тамақтанушылар саны мемлекеттік сатып алу заңы жасалған бетте жеткізіледі және нақтылау, қажет болған жағдайда жүргізіледі. Бұл жағдайда ҰҚК әскери қарсы барлау және әскери полиция органдары лауазымды тұлғаларымен айдың 3 жұлдызынан кешіктірмей материалдық қамтамасыз ету бөлімшесіне әскери қызметшілерді тамақпен қамтамасыз етуге бөлімше бастығымен немесе оның орынбасарымен қол қойылған осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес тапсырыс беріледі. Азық-түлікпен қамтамасыз етілетін әскери қызметшілердің саны өзгерген жағдайда, әскери қызметшілерді тамақтандыруға қосымша бекітілген тапсырыс және түсіндірме – хаты жолданады;

90. Қызметтерді орындау бойынша бақылау өзіне, күнделікті ҰҚО республикалық мемлекеттік мекемелерінің (бөлімшелерінің) лауазымды тұлғаларымен дайын астың сапасын, азық-түлік ас-мәзірінде көрсетілгендей тағамдардың нақты шығымдық салмағының есептік салмағына сәйкестігін,

сонымен қатар тамақтануға тіркелген әскери қызметшілер санына әзірленген тағам үлестерін тексеруді қосады.

91. Қызметтерді алушының өкілдері қызметтерді жеткізушіде сапасы сәйкес емес (күдік тудыратын) азық-түліктерді анықтаған жағдайда, оның ішінде органолептикалық көрсеткіштер бойынша, бұл өнімді әскери қызметшілерге пайдалануға беру тоқтатылады, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау (ветеринарлық-санитарлық сараптама) орталықтарына (зертханаларына) (санитарлық-гигиеналық, ветеринарлық-санитарлық, тауартанушылық) сараптамаға жолданатын сынаманы алу жүргізіледі.

92. ҰҚО қызметті көлемі, сапасы және мемлекеттік сатып алу шарты талаптарына сәйкестігін қабылдауды, лауазымдық міндеттер жүктелген лауазымдық тұлғалар жүргізеді.

ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеменің (бөлімшенің) асханасында қызмет көрсету кезінде қызметті қабылдау Бақылау кітабында жазылады.

Қызмет көрсету жеткізушіге (жеткізушімен) тиесілі (жалға алған) қоғамдық тамақтану мекемелерінде көрсетілген жағдайда лауазымды тұлғалармен күнделікті қызмет көрсететін жеткізушімен бірлесіп, осы Қағиданың 7-қосымшасына сәйкес тізім рәсімделеді.

ҰҚК қарсы барлау және Әскери полиция органдарында, әр айдың 3 кешіктірмей ҰҚК ӘТҚД әскери қызметшілерді тамақпен қамтамасыз етуге бөлімше бастығымен немесе оның орынбасарымен бекітілген, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес әскери қызметшілерді тамақтандыру туралы есеп жолданады.

93. Жеке және заңды тұлғаларды қатыстырумен әскери қызметшілерді тамақтандыру осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

5-тарау. Шекара бөлімдерінде (бөлімшелерінде) және шекаралық бақылау бөлімдерінде (бөлімшелерінде) әскери қызметшілерді тамақтандыру

94. Шекара бөлімі (бөлімшесі), шекаралық бақылау бөлімі (бөлімшесі) (бұдан әрі – шекара бөлімшесі) жеке құрамын тамақтандыруды жеке құрамның қызмет атқару, оның ішінде түнгі уақыттағы қызмет атқару ерекшеліктерін есепке ала отырып, белгіленген Қамтамасыз ету нормаларына сәйкес шекара бөлімшесінің бастығы ұйымдастырады.

95. Шекара бөлімшесінің бастығы жеке немесе оның тапсырмасы бойынша шекара бөлімше бастығының орынбасары аспазшыға нақты берілген азық-түліктерді ұдайы тексеру арқылы азық-түліктің толық берілуін және дайындалған тағамның көлемі мен сапасын тексереді, оны жеке құрамға беруге рұқсат береді және нәтижелерін Бақылау кітабына жазады.

96. Шекара бөлімшесінде тағамдар ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімше) бастығы бекіткен азық-түліктердің тарату мәзіріне сәйкес әзірленеді.

97. Шекара бөлімшелерінде азық-түліктер қоймадан асханаға аспазшыға бөлімше кезекшісінің қатысуымен азық-түлік ас-мәзірі және қазандық үлесте тұрған жеке құрамның саны бойынша беріледі.

Түнгі уақытта қызмет атқаратын әскери қызметшілердің тамақтануы (түнгі үлестер) белгіленген қосымша нормасы бойынша Қамтамасыз ету нормасына сәйкес жүзеге асырылады. Шекара бөлімшесінің старшинасы азық-түлікті түнгі уақытта тамақ даярлайтын аспазшыға береді. Аспазшы азық-түлікті шекара бөлімшесі бойынша кезекші ұсынған тізімге сәйкес береді. Тәуліктік берілімнің саны шекара қызметінің кітабымен салыстырылады.

98. Бөлімшеден 12 сағаттан артық уақыт бойы қашықта қызмет атқаратын және ыстық тамақты кезекшілер үй-жайында, стационарлық бекеттерде, жылыту пункттерінде, дайындауға мүмкіндігі болатын шекара нарядтарына, шағын топтарға және командаларға ыстық тамақты дербес дайындау үшін Қамтамасыз ету нормасы шегінде азық-түлік (тамақ концентраттары, консервілер және басқа) беріледі. Қызмет атқару орнына ыстық тамақ дайындау және жеткізу мүмкіндігі болмағанда, әскери қызметшілер жеке тамақтандыру рационымен қамтамасыз етіледі (бұдан әрі – ЖТР).

6-тарау. Далалық жағдайларда әскери қызметшілерді тамақтандыру

99. Далалық жағдайларда (далалық оқу-жаттығуларда, маневрлерде, полигондарда, оқу орталықтары мен лагерьлерде, ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімше) орналасқан пункттен қашықта әрекет ететін бөлімшелерде, табиғи апат және зілзала аудандарында) әскери қызметшілерді тамақтандыруды азық-түлік пункттерінде тамақ дайындаудың бөлімше (топ) басшыларымен ұйымдастырады.

Далалық техникалық құралдары жоқ бөлімшелер тамақтануға аталған далалық техникалық құралдары бар басқа бөлімшелерге бекітіледі.

100. Стационарлық жағдайда әскери қызметшілерді заңды және жеке тұлғаларды қатыстырумен тамақтандыруды ұйымдастырғанда, онда заңды және жеке тұлғалар (мемлекеттік сатып алу туралы шартың талабына сәйкес) әскери қызметшілердің далалық жағдайда тамақтануына қатысады.

101. Әскери қызметшілердің тамақтануы құраманың ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімше) бастығы бекіткен азық-түліктердің ас-мәзірі бойынша ұйымдастырылады.

102. Далалық жағдайларда әскери қызметшілердің тамақтануын ұйымдастыру үшін азық-түлік ас-мәзірі бір данада жасалынады және саны бойынша қосымша көшірмелері бөлімшелерде, далалық жағдайларда әскери қызметшілердің тамақтануын ұйымдастырудың барлық кезеңіне жарамды болып табылады.

103. Азық-түлік ас-мәзірін құруы кезінде тағамды дайындау үшін қойылтылған және консервіленген азық-түлік тағамдарынан қолданудың жөнділігі ескеріледі.

104. Ыстық тамақты қабылдау уақыты ҰҚО республикалық мемлекеттік мекеме (бөлімше) бастығымен белгіленеді.

